


Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім беру бағдарламасын, элективті пәндер каталогын, minor каталогын, пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус) әзірлеу және білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-05
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым № 3	62 беттің 1-сі

**«БЕКІТЕМІН»**  
**Басқарма төрағасы – Ректор**  
  
**А. Шокпаров**  
 2024 ж.


  
 «МЕЖДУНАРОДНОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО  
 «МЕЖДУНАРОДНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
 ТУРИЗМА И ГОСТЕПРИИМСТВА»  
 БИН 190440033845  
 РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН, ТҮРКЕСТАҢ

**УЕ-02-01-05**  
**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН, ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН,  
 MINOR КАТАЛОГЫН, ПӘНДЕР БОЙЫНША ОҚУ ЖҰМЫС  
 БАҒДАРЛАМАСЫН (СИЛЛАБУС) ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ  
 ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ**

Түркістан, 2024

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім беру бағдарламасын, элективті пәндер каталогын, minor каталогын, пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус) әзірлеу және білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-05
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым № 3	62 беттің 2-сі

### КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

#### ӘЗІРЛЕГЕН:

Академиялық даму бөлімінің  
басшысы



Г. Сыздыкова  
« 02 » 09 2024 ж.

#### КЕЛІСІДІ:

Академиялық және ғылыми істер  
жөніндегі вице-ректор



Л. Шалабаева  
« 02 » 09 2024 ж.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
комплаенс-қызмет



Д. Бейсембаева  
« 02 » 09 2024 ж.

Әкімшілік бөлімінің басшысы



К. Тубеков  
« 02 » 09 2024 ж.

Әкімшілік бөлімінің бас маманы  
(заңгер)



Е. Тасов  
« 02 » 09 2024 ж.

Сапаны қамтамасыз ету бөлімінің  
басшысы



Ж. Сейткулова  
« 02 » 09 2024 ж.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім беру бағдарламасын, элективті пәндер каталогын, minor каталогын, пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус) әзірлеу және білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-05
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым № 3	62 беттің 3-сі

## МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	4
2	Пайдаланылатын терминдер мен қысқартулар тізімі	4
3	Нормативті сілтемелер	7
4	Білім беру бағдарламаларын әзірлеу ережесі	7
	4.1 Жалпы ережелер	7
	4.2 БББ әзірлеу тәртібі	9
	4.3 БББ құрылымы	11
	4.4 БББ құрылымының мазмұнына қойылатын талаптар	11
	4.5 БББ бекіту, жаңарту тәртібі	12
5	Элективті пәндер каталогын әзірлеу ережесі	12
	5.1 Жалпы ережелер	12
	5.2 Элективті пәндер каталогын әзірлеу тәртібі	12
	5.3 Бекіту, сақтау және тарату	13
6	Minor каталогын әзірлеу ережесі	13
	6.1 Жалпы ережелер	13
	6.2 Minor каталогын әзірлеу ережесі	13
	6.3 Бекіту, сақтау және тарату	14
7	Пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі (силлабус)	14
	7.1 Жалпы ережелер	14
	7.2 Силлабусты әзірлеу тәртібі	14
	7.3 Пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасының (силлабус) құрылымы мен мазмұны	15
	7.4 Бекіту, сақтау және тарату	16
8	Білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережесі	16
	8.1 Жалпы ережелер	16
	8.2 БӨЖ/ОБӨЖ/ МӨЖ/ОМӨЖ жоспарлау	17
	8.3 Өзіндік жұмысты ұйымдастыру	17
	8.4 БӨЖ/ОБӨЖ/ МӨЖ/ОМӨЖ орындалуын бағалау және бақылау	17
9	Өзгерістер енгізу тәртібі	18
10	Келісу, сақтау және тарату	18
11	Өзгерістерді тіркеу парағы	19
12	Танысу парағы	20
13	Қосымша	21

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім беру бағдарламасын, элективті пәндер каталогын, minor каталогын, пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус) әзірлеу және білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-05
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым № 3	62 беттің 4-сі

## 1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 «Білім беру бағдарламасын, элективті пәндер каталогын, MINOR каталогын, пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус) әзірлеу және білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережесі» (бұдан әрі – Ереже) білім беру үдерісіне қатысты негізгі ішкі құжаттарды әзірлеу тәртібін айқындайды.

1.2 Ереже «Халықаралық туризм және қонақжайлылық университеті» КЕАҚ-ның (бұдан әрі – Университет) оқу үдерісіне қатысатын құрылымдық бөлімдер орындауға міндетті ішкі нормативтік құжат болып табылады.

## 2. ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

**Академиялық еркіндік** – білім беру процесінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы.

**Академиялық кредит** – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі.

**Аралық бақылау** – бір оқу пәнінің бөлімі (модулі) аяқталғаннан кейін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау. Бір оқу пәні шеңберінде бір академиялық кезең ішінде кемінде екі рет өткізіледі.

**Белсенді үлестірмелі материалдар** – білім алушының тақырыпты шығармашылықпен табысты меңгеру үшін оқу сабақтарында таратылатын көрнекі безендірілген материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, слайдтар, мысалдар, глоссарийлер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар).

**Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау** – оқытушының академиялық кезең ішінде аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда жүргізетін кәсіптік оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі тексеру.

**Білім беру бағдарламасы (БББ)** - оқытудың мақсаттары, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.

**БББ әзірлеу** – оқу нәтижелерін және тиісті еңбек шығындарын, оқу қызметінің түрлерін, оқыту әдістері мен бағалау рәсімдерін/критерийлерін көрсете отырып, білім беру бағдарламасын және оның компоненттерін жоспарлау.

**БББ паспорты** – оқыту нәтижелері мен пәндерді қамтитын, олардың кәсіптік саламен байланысының сипаттамасы (ұлттық біліктілік шеңберін, салалық біліктілік шеңберін және кәсіптік стандарттар болған жағдайда), сондай-ақ еңбек сыйымдылығы мен оқыту тіліне қатысты мәліметтер бар бағдарламаның қысқаша сипаттамасы.

**Жеке оқу жоспары** – білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары.

**Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының тізіліміне** – ЖЖОКБҰ әзірлеген білім беру бағдарламаларының тізбесін қамтитын ақпараттық жүйе.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім беру бағдарламасын, элективті пәндер каталогын, minor каталогын, пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус) әзірлеу және білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-05
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым № 3	62 беттің 5-сі

**Жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК)** – білім беру бағдарламасын меңгеру үшін ЖЖОКБҰ айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі.

**Емтихан сессиясы** – білім алушыларды аралық аттестаттаудан өткізу кезеңі.

**Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)** – қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы.

**Құзыреттілік** – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті.

**Модуль** – дербес, білім беру бағдарламасының құрылымдық элементін оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған, айқын қалыптасқан, білім алушылар меңгеретін білім, іскерліктер, дағдылар, құзыреттер және бағалаудың барабар критерийлері.

**Minor каталогы** – қысқаша сипаттаманы қамтитын таңдау компоненті пәндерінің тізімі.

**Негізгі білім беру бағдарламасы (Major)** – негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы.

**Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық рейтингтік әріптік жүйесі** – халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі.

**Оқу жоспары** – білім беру бағдарламасы негізінде ЖОО дербес әзірлейтін оқу құжаты.

**Оқу пәніне жазу (Enrollment)** – білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі.

**Оқыту нәтижелері** – білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру бойынша алған, көрсететін білімдерінің, машықтарының, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар.

**Оқытудың кредиттік технологиясы** – білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту.

**Пререквизиттер** – пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері.

**Постреквизиттер** – зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модульдер) және оқу жұмысының басқа түрлері.

**Силлабус** – пәннің мақсаттары, міндеттері, құзыреттіліктері, әр сабақтың қысқаша сипаттамасы, тақырыбы мен ұзақтығы, оқытушының талаптары, бағалау критерийлері, жұмысты тапсыру кестесі және қажетті әдебиеттер тізімі бар оқу жұмыс бағдарламасы.

**Таңдау компоненті** – ЖЖОКБҰ ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде білім алушылардың өздері таңдайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең аз көлемінің тізбесі.

**Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA)** – таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы)

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім беру бағдарламасын, элективті пәндер каталогын, minor каталогын, пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус) әзірлеу және білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-05
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым № 3	62 беттің 6-сі

**Әдвайзер (Advisor)** – тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері функциясын атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін тұлға.

**Элективті пәндер** - жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымы енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер.

**Элективті пәндер каталогы (ЭПК)** – оқу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдерін) және күтілетін оқу нәтижелерін (игерілетін білім, білік, дағды және құзыреттілік) көрсете отырып, олардың қысқаша сипаттамасын қамтитын таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізбесі. Бұл құжатта әрбір оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттері көрсетіледі.

<b>АДБ</b>	Академиялық даму бөлімі;
<b>АК</b>	Академиялық комитет;
<b>БББ</b>	білім беру бағдарламасы;
<b>БББТ</b>	Білім беру бағдарламаларының тобы;
<b>БП</b>	базалық пәндер;
<b>БеП</b>	бейіндеуші пәндер;
<b>БӨЖ/МӨЖ</b>	білім алушының/магистранттың өзіндік жұмысы;
<b>ЖБП</b>	жалпы білім беретін пәндер;
<b>ЖЖОКБҰ</b>	жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы;
<b>ЖОО</b>	жоғары оқу орны;
<b>ЖҚ</b>	жалпы құзыреттер;
<b>КҚ</b>	кәсіби құзыреттер;
<b>ҚР ҒЖБМ</b>	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
<b>МЖБС</b>	Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
<b>МҒЗЖ</b>	магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы;
<b>МЭЗЖ</b>	магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы;
<b>ОБӨЖ/ОМӨЖ</b>	оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының/магистранттың өзіндік жұмыс;
<b>ОЖЖ</b>	оқу жұмыс жоспарлары;
<b>ОН</b>	оқыту нәтижесі;
<b>ПОН</b>	пәннің оқыту нәтижесі;
<b>СБШ</b>	салалық біліктілік шеңбері;
<b>ТК</b>	таңдау компоненті;
<b>ҰБШ</b>	Ұлттық біліктілік шеңбері;
<b>Университет</b>	«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ;
<b>ЭПК</b>	элективті пәндер каталогы.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім беру бағдарламасын, элективті пәндер каталогын, minor каталогын, пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус) әзірлеу және білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-05
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым № 3	62 беттің 7-сі

### 3. НОРМАТИВТІ СІЛЕМЕЛЕР

Ереже Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы (2007 жылғы 27 шілдедегі №319), Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заңы (01.07.2024 ж. №103-VIII ҚРЗ), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі (ҚР ҒЖБМ 2024 жылғы 05 қаңтар №4 бұйрығы), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздерін бекіту туралы (ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 12 қазандағы №106 бұйрығы), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық (ҚР ҒЖБМ Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының 2023 жылғы 04 мамырдағы №601 бұйрығы) және ҚР ҒЖБМ басқа да нормативтік-құқықтық актілері, сондай-ақ Университеттің ішкі нормативтік құжаттары негізінде жасалған.

### 4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЕРЕЖЕСІ

#### 4.1 Жалпы ережелер

4.1.1 Университетте кадрларды даярлау жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасы – бұл белгілі бір дәреже (бакалавр, магистр немесе доктор) беру үшін қажетті модульдердің немесе курс бөлімдерінің бекітілген жиынтығы.

4.1.2 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу оқытудың күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған; Білім беру бағдарламасының мазмұны нақты оқу пәндерін ғана емес, сонымен қатар көрсетілген нәтижелерге қол жеткізуге әкелетін процедуралар мен оқу жағдайларының құрылымдық жиынтығын қамтиды.

4.1.3 Университеттің білім беру бағдарламалары білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар білім беру салалары бойынша, даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес білім беру бағдарламаларының тобы шеңберінде әзірленеді. Білім алушылардың білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін алған білім, дағды, іскерлік және құзыреттілік дейгейі мен көлемінің сипаттамасы кредиттердің жалпы санына негізделеді.

4.1.4 Университеттің барлық білім беру бағдарламалары белгіленген тәртіппен сыртқы экспертизадан өтеді және «Жоғары білімнің бірыңғай платформасы» АЖ-ға енгізіледі.

4.1.5 Білім беру бағдарламалары оқу нәтижелеріне бағытталған. Білім беру бағдарламалары шеңберінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу және білім беру қызметін бақылау процесіне барлық мүдделі тараптар, соның ішінде білім алушылар мен жұмыс берушілер қатысады.

4.1.6 Білім беру бағдарламаларын меңгерудің негізгі мақсаты білім алушыларға күтілетін оқу нәтижелерін, ал олардың негізінде кәсіби құзыреттіліктерді – жоғары мамандандырылған білімді және осы білімді өзекті кәсіби міндеттерді шешу үшін қолдана білуді дамыту болып табылады.

4.1.7 Университетте оқу нәтижелері Б.Блум таксономиясының деңгейлері бойынша сипатталады: білімді түсіну, қолдану, талдау, синтездеу, бағалау (когнитивтік, функционалдық

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім беру бағдарламасын, элективті пәндер каталогын, minor каталогын, пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус) әзірлеу және білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-05
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым № 3	62 беттің 8-сі

және жүйелік құзыреттіліктер). Оқыту нәтижелері білім беру және кәсіби коммуникация (әлеуметтік құзыреттер) саласындағы тұлғааралық және әлеуметтік өзара әрекеттесу қабілетін, сондай-ақ жеке тұлғаны одан әрі жетілдіру (мета-құзыреттілік) бағдарламаларын әзірлеу кезінде жеке білім беру жетістіктерін талдау және бағалау қабілетін сипаттайды.

4.1.8 Барлық жауапты тұлғалар білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру және университеттің білім беру бағдарламаларын үздіксіз жетілдіру және дамыту мақсатында күтілетін оқу нәтижелерін қалыптастыру процесінде білім алушылармен үнемі кері байланыс орнатуға міндетті.

4.1.9 Университетте білім беру бағдарламаларын әзірлеудің негізгі принциптері:

- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытудың жаһандық тенденцияларына бағыт-бағдар беру: көпсалалылық, студентке бағдарлану, жаңашылдық, жүйелік ойлау мен әлеуметтік коммуникацияны қалыптастыруға бағдарлау;

- ұлттық трендтерге көңіл бөлу;

- білім, ғылым және өндірісті интернационалдандыру, интеграциялау;

- цифрландыру;

- рухани жаңғыру.

4.1.10 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде келесі параметрлерді ескеру қажет: әдістемелік қамтамасыз ету; кадрлармен қамтамасыз ету; материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету; практика негіздерімен қамтамасыз ету; білім беру бағдарламаларын іске асыруды ақпараттық қамтамасыз ету.

4.1.11 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу сапасын бақылау мақсатында университет ішінде бағалау рәсімінен өтеді және жұмыс берушілер, қоғам және академиялық орта өкілдеріне сырттай емтиханға жіберіледі. Емтиханның мақсаты – Білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру. Білім беру бағдарламалары мен әдістемелік құжаттарды сараптау ашықтық, объективтілік, сараптама жұмысын жүйелі ұйымдастыру принциптеріне негізделеді.

Білім беру бағдарламасы Университет жүзеге асыратын білім беру бағдарламаларының тізімінен келесі жағдайларда шығарылуы мүмкін:

- оны жүзеге асырудан бас тартқан жағдайда алқалы органның шешімімен;

- ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның ресми ұсынылған ақпараты және (немесе) заңды күшіне енген сот шешімі негізінде өтініш берушіні даярлаудың тиісті бағыты бойынша білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензиядан, лицензияға қосымшадан айыру;

- бағдарлама тізілімге енгізілгеннен кейін 6 (алты) ай ішінде тиісті даярлау бағыты бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша болмаған кезде;

- танылған аккредиттеу органдарының тізіліміне енгізілген аккредиттеу органының бағдарламаны аккредиттеуді кері қайтарып алуы және/немесе "бағдарламаны аккредиттемеу" туралы шешім қабылдауы

- бағдарламаның өзектілігін/ рентабельділігін жоғалтуы (соңғы 4 (төрт) жылда білім алушылар контингентінің болмауы);

- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 117-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген салалық біліктілік шеңбері және/немесе кәсіптік стандарттар өзгерген кезде 1 (бір) күнтізбелік жыл ішінде бағдарламаның жаңартылмауы.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім беру бағдарламасын, элективті пәндер каталогын, minor каталогын, пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус) әзірлеу және білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-05
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым № 3	62 беттің 9-сі

4.1.12 Білім алушыларды пәндерге тіркеу және жеке оқу жоспарларын (бұдан әрі – ЖОЖ) қалыптастыру аяқталғаннан кейін білім беру бағдарламасының мазмұнын өзгертуге (пәндерді өзгертуге) жол берілмейді.

4.1.13 БББ формасын (үлгісін) АДБ мектептермен бірлесіп әзірлейді.

4.1.14 Білім беру бағдарламаларын бітіртуші мектептер ҚР жаңа мамандықтар мен құзыреттер Атласына, кәсіптік стандарттарға сәйкес және Дублин дескрипторларына, еуропалық және ұлттық біліктілік шеңберлері негізінде дербес әзірлейді.

## 4.2 БББ әзірлеу тәртібі

4.2.1 БББ әзірлеу және құрастыру үшін мектеп директорларының ұсынысы және ректордың бұйрығымен Академиялық комитет құрылады.

4.2.2 Академиялық комитет құрамына бітіртуші мектеп директорлары, Академиялық даму бөлімінің өкілдері, әр білім беру бағдарламасына жауапты профессор-оқытушылар құрамы (БББ координаторы), жұмыс берушілер және білім алушылар кіреді.

4.2.3 Жұмыс берушілер қатарынан БББ тобы бойынша сарапшыларды анықталады.

4.2.4 АК құрамы БББ-ның мақсатын олардың ерекшелігін, еңбек нарығының сұранысын, университет миссиясын ескере отырып, даярлау бағыты бойынша айқындайды.

4.2.5 Кредиттер саны даярлау бағыты мен деңгейіне (оның ішінде циклдар мен компоненттер) байланысты МЖМС талаптарына сәйкес жасалады. Бакалавриатта жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) циклінде міндетті компонент (МК) және жоғары оқу орны компоненті (ЖК), ал базалық пәндер (БП) және бейіндеуші пәндер (БП) циклдарында жоғары оқу орны компоненті (ЖК) және таңдау компоненті (ТК) қарастырылады. Магистратурада базалық (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер циклдері жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және таңдау бойынша компонент (бұдан әрі – ТК) пәндерінен тұрады.

4.2.6 Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитті немесе 1800 академиялық сағатты құрайды.

4.2.7 БББ-ын әзірлеуде кәсіби саладағы әрбір даярлау бағыты үшін кәсіби стандарттың («Атамекен» ҰКП) негізгі еңбек функциялары құзыреттілікке және оқыту нәтижелеріне негізделіп жасалады. Қалыптастырылатын құзыреттер: пәндік-мамандандырылған, кәсіби міндеттерді шешуге тікелей қатысы жоқ, бірақ кәсіби қызметтің сәттілігін қамтамасыз ететін – жалпы, білім беру саласының ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Құзыреттіліктерді жалпы топтастыру даярлау бағыты бойынша барлық мамандықтар үшін ортақ болып табылады. Жалпы құзыреттер аспаптық, жеке, жүйе құраушы компоненттерден тұрады. Кәсіби құзыреттер БББ қызметінің бағытымен айқындалады.

4.2.8 БББ-ның мақсаты нақты, қысқа және білім алушылар алуы тиіс барлық құзыреттерді жинақтайтын болуы тиіс.

4.2.9 БББ құрылымдық элементтерін әзірлеу кезінде модульді / пәнді оқыту нәтижелерін қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет.

4.2.10 Модульдер мен пәндердің тізбесін қалыптастыру кезінде әр пән бойынша құзыреттер мен оқыту нәтижелері анықталады, содан кейін кредиттегі пәндердің еңбек сыйымдылығы анықталады. Әрбір оқу пәнінің көлемі кредиттердің бүтін санын құрауы тиіс. Бұл ретте пән кемінде 5 академиялық кредит көлемімен бағаланады. Ерекше жағдайларда пәнді 3, 4 академиялық кредитке бағалауға жол беріледі.

4.2.11 Әр пән сабақ түрлері мен бақылау формалары бойынша дұрыс үйлестірілуі керек.

4.2.12 АДБ барлық БББ бойынша пәндердің жалпы семестрлік/ триместрлік ағымын қалыптастыру үшін ЖБП циклінің оқу пәндерін орналастыру кестесін жасайды және мектептерге ұсынады.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім беру бағдарламасын, элективті пәндер каталогын, minor каталогын, пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус) әзірлеу және білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-05
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым № 3	62 беттің 10-сі

4.2.13 Мектептер ББ әзірлеу кезінде бірдей атаулармен, кредиттермен, үйлестірулермен кездесетін базалық пәндер және бейіндік пәндер циклдеріндегі пәндердің дәрістік сабақтары ағындармен топтастырылатындығын ескеру қажет. Осыған байланысты мұндай пәндер бір семестрде/триместрде бірдей жоспарланады.

4.2.14 Кредиттердің жалпы санын сағат бойынша бөлу.

№	Жұмыс түрі	Кредиттердің жалпы санын сағат бойынша бөлу						Ескерту
		2 кр. - 60 сағ.	3 кр. - 90 сағ.	4 кр. – 120 сағ.	5 кр. - 150 сағ.	6 кр. - 180 сағ.	7 кр. - 210 сағ.	
1	Дәріс	8	15	15	15	15	30	Дәріс сабақтары болған жағдайда
	Практика / семинар	15	15	30	30	45	45	
2	Практика / семинар	23	30	45	45	60	75	
3	ОБӨЖ/ОМӨЖ	5	8	15	15	15	30	
4	БӨЖ/МӨЖ	32	52	60	90	105	105	
	<b>Барлығы</b>	<b>60</b>	<b>90</b>	<b>120</b>	<b>150</b>	<b>180</b>	<b>210</b>	

4.2.15 Модульді әзірлеу кезінде пәндердің арасындағы логикалық байланысы ескерілу қажет.

4.2.16 Модульді қалыптастыру кезінде барлық оқу пәндері талданады, бұл ретте пәндердің оқу материалы қайталанбауы тиіс.

4.2.17 Кешенді оқу үшін мазмұны жағынан байланысты пәндер модульдерге біріктіріледі. Бір модуль ішінде пәндерді қалыптастыру кезінде олардың мазмұны бір-бірімен тығыз байланысты болуы керек (білім алушы әр пәннің құрылымын ұғынуы және түсінуі үшін).

4.2.18 Пәннің сипаттамасында білім алушылар пәнді оқығаннан кейін алатын негізгі теориялық білім мен практикалық дағдылар нақты және қысқаша тұжырымдалады.

4.2.19 БББ-ғы нақтыланған пәндерді мектеп әдіскерлері «PLATONUS» ААЖ пәндер каталогына енгізеді және оқу жоспарларын әзірлейді.

4.2.20 БББ паспортын әзірлеуді мектеп директорларының басшылығымен БББ үйлестірушілері жүзеге асырады.

4.2.21 БББ үйлестірушілері Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының тізіліміне әзірленген БББ бекітілген паспортын енгізеді. Тиісті даярлау бағыты бойынша лицензияға қосымшаның болуы тізілімге енгізу үшін негіз болып табылады.

4.2.22 БББ үйлестірушілері БББ ішкі аудиті негізінде БББ уақтылы өзектендіруге жауапты болады.

4.2.23 Қажеттілік бойынша БББ тізілімнен алып тастау немесе БББ-на өзгерістер/жаңартулар енгізу туралы шешімдер қабылданады.

### 4.3 БББ құрылымы

4.3.1 БББ титул беті;

4.3.2 Келісу парағы;

4.3.3 БББ паспорты: Білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейінінің картасы; Түлектің біліктілік сипаттамасы;

4.3.4 Құзыреттілік атауы және оқыту нәтижесі;

4.3.5 Пәндер туралы мәліметтер;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім беру бағдарламасын, элективті пәндер каталогын, тіног каталогын, пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус) әзірлеу және білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-05
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым № 3	62 беттің 11-сі

4.3.6 Білім беру бағдарламасының оқу жоспары;

4.3.7 Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде игерілген кредиттердің көлемін көрсететін жиынтық кестесі;

4.3.8 Білім беру үдерісін ұйымдастыру;

4.3.9 Оқу жетістіктерін есепке алудың баллдық-рейтингтік, әріптік жүйесі, білім алушыларды дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS-ке ауыстыру;

4.3.10 Даму жоспары (Қосымша 1).

#### 4.4 БББ құрылымының мазмұнына қойылатын талаптар

4.4.1 ББ титулдық бетінде көрсетілуі тиіс:

- Университеттің толық атауы;
- бекіту қолы және мөрі;
- БББ коды және атауы;
- бағдарлама деңгейі;
- қабылдау жылы.

4.4.2 Екінші бетте: БББ үйлестірушілерінің және келісушілердің қолдары жинақталады, сондай-ақ Ғылыми кеңес мәжілісі хаттамасының нөмірі мен күні көрсетіледі.

4.4.3 БББ паспортында көрсетіледі: Білім саласы; Дайындық бағыты, Білім беру бағдарламаларының тобы, Білім беру бағдарламасының коды мен атауы, БББ түрі, ҰБШ бойынша деңгей, СБШ бойынша деңгей, БББ айрықша ерекшеліктері, Оқыту тілі, Кредиттердің көлемі, Қолдану саласы, Оқыту мерзімі, Нормативтік-құқықтық қамтылуы, Жаңа мамандықтар атласы, Өңірлік стандарт.

– Білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейінінің картасы (БББ мақсаты, Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы).

– Түлектің біліктілік сипаттамасы (Берілетін академиялық дәреже, Кәсіби қызмет объектісі).

4.4.4 Құзыреттілік атауы және оқыту нәтижесінде көрсетіледі: Құзыреттілік атауы, Оқыту нәтижелері.

4.4.5 Пәндер туралы мәліметтер мыналардан тұрады: Пәннің атауы, Пәннің қысқаша сипаттамасы, Цикл, Компонент, Кредиттер, Оқыту нәтижелері.

4.4.6 Білім беру бағдарламасының оқу жоспары келесілерді қамтиды: Модуль атауы, Пәннің коды, Пәннің атауы, Семестрлер, Оқу жұмысының көлемі (Кредиттер саны, Барлық сағат, Дәрістер, Практикалық, семинар сабақтар, ОБӨЖ, БӨЖ, Практика, ҚА), Академиялық кезеңдер бойынша кредиттерді бөлу (курс, семестрлер, кезеңдегі теориялық апта саны), Бақылау түрі.

4.4.7 Білім беру бағдарламасының модульдері бөлінісінде игерілген кредиттердің көлемін көрсететін жиынтық кестесі: Курс, Семестр, Оқылатын пәндер саны (МК, ЖООК, ТК), ҚР бойынша кредиттер саны (теориялық білім, оқу практикасы, өндірістік практика, дипломалды немесе өндірістік практика, қорытынды аттестация, барлығы), Барлық сағат саны, Саны (емтихан, есеп, мемлекеттік емтихан, ДЖБ қорғау).

4.4.8 Білім беру үдерісін ұйымдастыру: Оқуға қабылдануға қойылатын арнайы талаптар; Бұрын алынған білімді тануға қатысты және бейресми білім алушылардың нәтижесінің ерекше шарттары; Дәрежені беру талаптары мен ережелері; Түлектердің кәсіби бейіні; Білім бағдарламасын жүзеге асыру тәсілдері мен әдістері; Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері.

4.4.9 Оқу жетістіктерін есепке алудың баллдық-рейтингтік, әріптік жүйесі, білім алушыларды дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS-ке ауыстыру: Әріптік жүйе бойынша баға, Баллдардың сандық эквиваленті, Баллдар (%-түрінде), Дәстүрлі жүйе бойынша баға.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім беру бағдарламасын, элективті пәндер каталогын, minor каталогын, пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус) әзірлеу және білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-05
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым № 3	62 беттің 12-сі

4.4.10 Даму жоспары: БББ атауы, БББ Даму Жоспарының Мақсаты, Индикаторлар.

4.4.11 Пәндерді кодтау кезінде «Platonus» ААЖ қолданылады.

4.4.12 БББ үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жасалады.

#### 4.5 БББ бекіту, жаңарту тәртібі

4.5.1 Барлық БББ оларды дәйекті қарауды қамтитын бірыңғай бекіту тәртібіне ие:

- Бітіртуші мектеп мәжілістерінде;
- Академиялық комитет мәжілісінде;
- Оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінде;
- Ғылыми кеңес мәжілісінде;
- Директорлар кеңесі мәжілісінде бекіту.

4.5.2 Директорлар кеңесі мәжілісінде бекітілген соң Университет бағдарламаны тізілімге енгізу мақсатында Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының «Жоғары білімнің бірыңғай платформасы» АЖ-не онлайн өтінім береді.

4.5.3 Бекітілген БББ оқу мерзімі аяқталғанға дейін күшін сақтайды. ҚР ҒЖБМ нұсқауларына, сондай-ақ жұмыс берушілер, білім алушылар өкілдерінің ұсыныстарын мониторингілеу нәтижелеріне байланысты БББ қайта қаралуы және өзгерістер енгізілуіне байланысты қайта бекітілуі мүмкін.

4.5.4 Бекітілген БББ-ның барлық нұсқалары АДБ-де сақталады және БББ тізіліміне енген БББ сілтемесі Университеттің ресми сайтында iuth.edu.kz орналастырылады.

4.5.5 Сақтау мерзімі өткеннен кейін бекітілген БББ түпнұсқалары Университет мұрағатына тапсырылады.

### 5. ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫН ӘЗІРЛЕУ ЕРЕЖЕСІ

#### 5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 Осы ереже элективті пәндер каталогын әзірлеу кезіндегі негізгі құжат болып табылады (әрі қарай – ЭПК).

5.1.2 ЭПК білім алушыларды жеке білім траекториясын құру үшін элективті оқу пәндерін баламалы таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.

5.1.3 ЭПК формасын (үлгісін) АДБ мектептермен бірлесіп әзірлейді.

5.1.4 Элективті пәндерді таңдау кезінде бітіруші кафедра білім алушылар үшін ЭПК дербес әзірлейді.

5.1.5 ЭПК таңдау компонентінің барлық пәндері бойынша бекітілген БББ-дан қалыптастырылады.

5.1.6 Мектеп директорларының басшылығымен ағымдағы оқу жылының сәуір айында жоғары курс білім алушылары үшін, ал жаңа оқу жылына (күзгі, қысқы қабылдау) қабылданған білім алушылар үшін академиялық кезең басталардан бір апта бұрын элективті пәндер каталогының презентациясы өткізіледі.

5.1.7 ЭПК презентациясы мектептің бекіткен кестесіне сәйкес, сабақтан тыс уақытта өткізілуі тиіс.

5.1.8 Элективті пәндер каталогының мазмұны мен құрылымына мектеп директоры жауапты.

#### 5.2 Элективті пәндер каталогын әзірлеу тәртібі

5.2.1 ЭПК білім алушылардың кәсіби даярлығын жетілдіру мақсатында құрылады.

5.2.2 Элективті пәндер каталогының мазмұны мен құрылымын мектеп директорының

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім беру бағдарламасын, элективті пәндер каталогын, minor каталогын, пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус) әзірлеу және білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-05
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым № 3	62 беттің 13-сі

басшылығымен профессор-оқытушылар құрамы құрастырады.

5.2.3 Элективті пәндер каталогының құрылымы:

1) Титул беті: Университеттің толық атауы, бекітудің қолы мен мөрі; құжат атауы, оқу жылы, БББ коды мен атауы, қабылдау жылы.

2) Екінші беті: БББ үйлестірушісі мен келісушілердің қолдары жинақталады, сонымен қатар Оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінің хаттама номері мен күні көрсетіледі.

3) Элективті пәндер туралы мәліметтердің мазмұны бар кесте:

Пәндер циклі: модуль коды және атауы, пәннің коды және атауы, кредит саны, семестр, пререквизиттер, постреквизиттер.

Пәннің қысқаша сипаттамасы – БББ-ғы әрбір пәннің мазмұны қысқаша сипатталады;

Пәннің оқыту нәтижелері – БББ-ғы әрбір пәнге көрсетілген оқыту нәтижесі;

Негізгі және қосымша әдебиеттер – кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламаларының, оның ішінде оқыту тілдері бойынша жарияланған пәндерінің 100% – қамтамасыз ететін соңғы он жыл ішінде баспа және электрондық басылымдар форматында оқу және ғылыми әдебиеттер (электрондық дереккөздер) (*Қосымша 2*).

### 5.3 Бекіту, сақтау және тарату

5.3.1 Әзірленген ЭПК мектептердің мәжілісінде, Академиялық комитетте талқыланып, қаралады және Оқу-әдістемелік кеңесте бекітіледі.

5.3.2 Бекітілген элективті пәндер каталогын АДБ Университет сайтына орналастырады.

5.3.3 Мектептер білім алушыларды бекітілген элективті пәндер каталогымен таныстырады.

5.3.4 ЭПК әзірленуін АДБ қадағалайды.

## 6. MINOR КАТАЛОГЫН ӘЗІРЛЕУ ЕРЕЖЕСІ

### 6.1 Жалпы ережелер

6.1.1 Осы ереже Minor каталогын әзірлеу кезіндегі негізгі құжат болып табылады.

6.1.2 Minor каталогының формасын (үлгісі) АДБ мектептермен бірлесіп әзірлейді.

6.1.3 Minor-ды таңдау кезінде бітіруші мектеп білім алушылар үшін Minor каталогын дербес әзірлейді.

6.1.4 Мектеп директорының басшылығымен ағымдағы оқу жылының сәуір айында білім алушылар үшін Minor каталогының презентациясы өткізіледі.

6.1.5 Minor презентациясы мектептің бекіткен кестесіне сәйкес, сабақтан тыс уақытта өткізілуі тиіс.

6.1.6 Minor каталогының мазмұны мен құрылымына мектеп директоры жауапты.

6.1.7 Minor бакалавриаттың екінші және үшінші курсына оқытылады.

6.1.8 Minor жүйелі түрде оқитын екіден төртке дейін пәндерден тұрады.

6.1.9 Minor-дың еңбек сыйымдылығы – 10-20 кредит (әр пәннің еңбек сыйымдылығы – 5 кредит).

6.1.10 Minor-ды әр білім беру бағдарламасының білім алушысы жалпы Minor каталогынан өз бетінше тандайды.

### 6.2 Minor каталогын әзірлеу тәртібі

6.2.1 Minor каталогы білім алушылардың кәсіби даярлығын жетілдіру мақсатында

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» KEAҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 <small>INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY</small>	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім беру бағдарламасын, элективті пәндер каталогын, minor каталогын, пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус) әзірлеу және білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-05
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым № 3	62 беттің 14-сі

құрылады.

6.2.2 Minor каталогының мазмұны мен құрылымын профессор-оқытушылар құрамы мектеп директорының басшылығымен құрастырады.

6.2.3 Minor каталогының құрылымы:

1) Титул беті: Университеттің толық атауы, бекіту қолы және мөрі, құжат атауы, қабылдау жылы;

2) Екінші беті: келісушілердің қолы, мектеп мәжілістерінің, Оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінің хаттама күні мен номері;

3) Minor бойынша білім алушыларға арналған қысқаша мәлімет;

4) Minor тізімі: Minor атауы, қысқаша мазмұны, оқыту нәтижесі;

5) Minor бойынша оқытылатын пәндердің мәліметі туралы кесте: пән атауы, семестр/триместр, кредиттер саны, пәннің қысқаша сипаттамасы (*Қосымша 3*).

### 6.3. Бекіту, сақтау және тарату

6.3.1 Әзірленген Minor каталогы мектептердің мәжілісінде, Академиялық комитетте талқыланып, қаралады және Университеттің Оқу-әдістемелік кеңесінде бекітіледі.

6.3.2 Бекітілген Minor каталогын АДБ Университет сайтына орналастырады.

6.3.3 Мектептер білім алушыларды бекітілген Minor каталогымен таныстырады.

6.3.4 Minor каталогының әзірленуін АДБ қадағалайды.

## 7. ПӘНДЕР БОЙЫНША ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ ЕРЕЖЕСІ (СИЛЛАБУС)

### 7.1 Жалпы ережелер

7.1.1 Ереже пәннің мазмұны мен әдістемелік талаптарын анықтайтын негізгі құжат болып табылады.

7.1.2 Пәнге бөлінген кредиттер санына сәйкес білім алушылар білім, білік, дағдыға ие болады.

7.1.3 Силлабус формасын (үлгісін) АДБ мектептермен бірлесіп әзірлейді.

7.1.4 Әзірленген силлабус мектептің оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты тұлғамен келісіледі және мектеп директорымен бекітіледі.

### 7.2 Силлабусты әзірлеу тәртібі

7.2.1 Силлабус білім алушыларды пән бойынша қажетті мәліметтермен таныстыру мақсатында әрбір оқытылатын пән бойынша оқытушымен әзірленеді.

7.2.2 Силлабусты әзірлеу кезінде білім алушылар үшін пәннің мақсаты мен міндеті нақты, қысқа әрі жинақты болуы тиіс.

7.2.3 Пәнді оқыту нәтижелері пәннің қысқаша сипаттамасына сәйкес келуі керек.

7.2.4 Силлабустың мазмұны мен құрылымын профессор-оқытушылар құрамы мектеп директорының басшылығымен талқылайды.

7.2.5 Силлабуста пәннің пререквизит пәндері мен постреквизит пәндері көрсетілуі тиіс.

7.2.6 Пәнді оқу жоспарында дәрістер мен практикалық сабақтардың тақырыптары, сабақтардың барлық түрлері (дәрістер, практикалық, ОБӨЖ/БӨЖ/ ОМӨЖ/МӨЖ) бойынша сағат саны мен өткізу кезеңі (апта) көрсетіледі.

7.2.7 Білім алушылардың өзіндік жұмысын орындау үшін тапсырманың тақырыбы мен мазмұны, бақылау нысаны, өткізу кезеңі көрсетілетін ОБӨЖ, БӨЖ/ ОМӨЖ/МӨЖ кестесі

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Білім беру бағдарламасын, элективті пәндер каталогын, minor каталогын, пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус) әзірлеу және білім алушының өзіндік жұмысын ұйымдастыру ережесі		УЕ-02-01-05
Бекітілді 02.09.2024 ж.	Басылым № 3	62 беттің 15-сі

жасалады.

7.2.8 Тиісті пәнді оқыту әдісі таңдалады.

7.2.9 Силлабуста оқыту сапасының бағасы көрсетіледі: Дәрістерді, практикалық сабақтарды бағалау; Оқу нәтижелерін ағымдағы, аралық аттестаттауды бағалау критерийлері; Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласына және ECTS-ке аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі.

7.2.10 Силлабусты әзірлеу кезінде пән бойынша негізгі және қосымша әдебиеттер, WEB сайттар тізімі көрсетіледі.

### 7.3 Пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламасының (силлабус) құрылымы мен мазмұны

